E-mail: abzal06@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0620-3816>;

**Пернегүл Қужатова** — Астана медицина университетінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан,  
E-mail: perne-orazai@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-4378-0568>;

**Саспугаева Гулнур** — Л.Н. Гумилева атындағы ЕҰУ PhD докторы, Астана, Қазақстан,  
E-mail: gulnur\_erzhanovna@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3223-3602>.

**Аннотация.** Дәрілік өсімдік шикізатының базасын кеңейту және оны медициналық практикада қолдану мүмкіндігін бағалау фармацияның маңызды міндеті болып табылады. Дәстүрлі және халықтық медицинада қолданылатын өсімдіктерді мақсатты зерттеу өсімдік шикізатының перспективалы түрлерін табудың негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады.

*Parmelia sulcata* - Parmeliaceae тұқымдасына жататын жапырақ тәрізді қына. Бұл қына негізінен ағаш қабығында, тастар мен жартастарда, сондай-ақ орманды, дала және таулы аймақтарда кең таралған. *Parmelia sulcata* ұзақ уақыт бойы дәстүрлі медицинада тері ауруларын (жаралар, кесулер) және тыныс алу жолдарының ауруларын (бронхит және суық тию) емдеу үшін қолданылған. Алайда бұл өсімдік шикізатының фитохимиялық құрамы толық зерттелмеген.

Бұл зерттеуде *Parmelia sulcata* қынасының талломындағы фенолды қосылыстардың мөлшері спектрофотометриялық әдісі арқылы анықталды. Зерттеу барысында спирт концентрациясы, экстракция уақыты, шикізат бөлшектерінің өлшемі, шикізат пен экстрагенттің арақатынасы сияқты факторлардың фенолды

қосылыстардың жиынтық мөлшеріне әсері қарастырылды. Нәтижесінде ең тиімді экстрагент 70% этанол, ең тиімді шикізат бөлшек өлшемі 1,5 мм және ең тиімді бөліну уақыты 48 сағаттық экстракцияда анықталды. Шикізат пен экстрагенттің 1:100 арақатынасында фенолды қосылыстардың ең жоғары мөлшері анықталды. Сонымен қатар фенолды қосылыстардың фосформолибден және фосфорвольфрам қышқылдарының қоспасымен реакцияласуына  $\text{Na}_2\text{CO}_3$  концентрациясының және тотықтырғыш көлемінің әсері қарастырылған.

*Parmelia sulcata* талломындағы фенолдық қосылыстардың жиынтық мөлшерін сандық анықтау барысында зерттелген экстракция шарттары олардың дәл ері тиімді анықталуына мүмкіндік береді. Бұл әдіс фармакогностикалық және фитохимиялық зерттеулерде қолдануға ыңғайлы, сондай-ақ болашақ дәрілік препараттар сапасын бақылауда маңызды болып табылады. Спектрофотометриялық әдіс жоғары тиімді сұйықтықты хроматографияға қарағанда қарапайым, ресурсты үнемдейтін және қолжетімді тәсіл болып табылады, ал экстракция параметрлерін кешенді түрде зерттеу фенолдық қосылыстардың шығымын максималды алуға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** *Parmelia sulcata*, фенолды қосылыстар, спектрофотометрия, фосформолибден және фосфорвольфрам қышқылдары, биологиялық белсенді заттар

©Г.Ж. Байсалова<sup>1\*</sup>, Б.К. Ертай<sup>2</sup>, А.А.Талтенов<sup>1</sup>, П. Кужатова<sup>2</sup>,  
Г.Е. Саспугаева<sup>1</sup>, 2025.

<sup>1</sup> Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Астана, Казахстан;

<sup>2</sup> Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан.  
E-mail: galya\_72@mail.ru

## КОЛИЧЕСТВЕННОЕ ОПРЕДЕЛЕНИЕ СУММЫ ФЕНОЛЬНЫХ СОЕДИНЕНИЙ В ТАЛЛОМЕ *PARMELIA SULCATA*

**Байсалова Галия** — Профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,

E-mail: galya\_72@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1338-0308>;

**Ертай Бекзада** — Магистрант, Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан,

E-mail: Bekzada2001\_2001@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-6883-0062>;

**Абзал Талтенов** — Профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,

E-mail: abzal06@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0620-3816>;

**Пернегүл Кужатова** — Старший преподаватель, Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан,

E-mail: perne-orazai@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-4378-0568>;

**Саспугаева Гульнур** — PhD доктор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,

E-mail: gulnur\_erzhanovna@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3223-3602>.

**Аннотация.** Расширение сырьевой базы лекарственных средств и оценка



перспектив использования природных объектов в медицинской практике являются важнейшими задачами современной фармации. Целенаправленное исследование видов, применяемых в традиционной медицине, представляется эффективным подходом к поиску новых источников биологически активных соединений. *Parmelia sulcata* — листоватый лишайник семейства Parmeliaceae, широко распространённый на коре деревьев, скальных субстратах и в различных климато-географических зонах. В традиционной медицине данный вид использовался при кожных поражениях и заболеваниях дыхательных путей. Несмотря на это, его фитохимический состав остаётся изученным недостаточно. Цель данного исследования — количественное определение суммы фенольных соединений в талломе *Parmelia sulcata* с использованием спектрофотометрического метода. Были изучены основные параметры экстракции: концентрация спирта, время экстракции, гранулометрический состав сырья и соотношение сырьё—экстрагент. Установлено, что оптимальные условия включают использование 70% этанола в качестве экстрагента, размер частиц 1,5 мм, время экстракции 48 часов и соотношение сырья и экстрагента 1:100. Дополнительно исследовано влияние концентрации  $\text{Na}_2\text{CO}_3$  и объема окислителя на реакцию с фосформолибденовой и фосфорновольфрамовой кислотами. Полученные данные подтверждают, что оптимизация условий экстракции обеспечивает точное и воспроизводимое определение фенольных соединений в сырье *Parmelia sulcata*. Спектрофотометрический метод, будучи менее ресурсоёмким и более доступным по сравнению с высокоэффективной жидкостной хроматографией, представляет собой эффективный инструмент для фармакогностических и фитохимических исследований. Результаты работы имеют важное значение для разработки стандартов качества и последующего создания лекарственных препаратов на основе сырья лишайников.

**Ключевые слова:** *Parmelia sulcata*, фенольные соединения, спектрофотометрия, фосформолибденовая и фосфорвольфрамвая кислоты, биологически активные вещества

**Кіріспе.** Қазақстанда тіркелген шамамен 6000-нан астам жоғары сатыдағы өсімдіктердің тек 30–35%-ы ғана толық зерттелген. Бұл көрсеткіш 65–70%-ға жуық өсімдік түрлерінің фитохимиялық және фармакологиялық қасиеттері әлі толық зерттелмегенін көрсетеді. Сондықтан жаңа биологиялық белсенді қосылыстарды анықтау және табиғи негізде фитопрепараттар жасау үшін зор ғылыми әлеует бар (Wagner, et al, 2016; Wang, et al, 2017).

*Қына (Lichenes)* — ерекше симбиотикалық организмдер, олардың құрамындағы биологиялық белсенді заттар фармакология мен медицинада кеңінен қолданылады (Boustie, et al, 2005; Mitrović, et al, 2011) *Parmelia sulcata* — Lecanoraceae туысына жататын, кең таралған жапырақ тәрізді қына түрі (González-Burgos, et al, 2019). Бұл түр негізінен қылқанжапырақты және аралас ормандарда, ағаштардың діндерінде, тастар бетінде өседі (Manojlović, et al, 2012) және Қазақстанның солтүстік, шығыс, оңтүстік аймақтарындағы таулы орман белдеулерінде жиі кездеседі.

*Parmelia sulcata* — ерекше иісті, сұр-жасыл түсті, 3—10 см ұзындықтағы жапырақ тәрізді талломға ие көпжылдық организм (Аруа, et al, 2024). Оның тығыз құрылымы және ризиналар арқылы субстратқа жақсы бекінуі, жарық сүйгіштігі мен ылғалды жақсы көруі (Тау, et al, 2004) сондай-ақ экстремалды жағдайларға төзімділігі табиғи ортасында кең таралуына ықпал етеді (Zambare, et al, 2012). Талломның құрамындағы уснин қышқылы сияқты биологиялық белсенді заттар өсімдіктің қорғаныш функциясын атқарып (Sharma, 2012.), микроорганизмдерге қарсы күреседі (Gandhi, et al, 2022). Дәстүрлі медицинада *Parmelia sulcata* өкпе аурулары, жаралар (Ferda, et al, 2015), тері аурулары мен жүйке жүйесін тыныштандыруда қолданылады (Lutzoni, et al, 2009).

Зерттеулер көрсеткендей, *Parmelia sulcata* құрамында фенолды қосылыстар (Pérez, et al, 2023), флавоноидтар, уснин қышқылы, сапониндер және басқа да биологиялық белсенді заттар бар (Kulbat, 2016). Бұл қосылыстар оның антибактериалды, қабынуға қарсы және антиоксиданттық қасиеттерін қамтамасыз етеді.

Жалпы жұмыстың мақсаты *Parmelia sulcata* талломының спирттік сығындысындағы фенолды қосылыстардың жиынтық мөлшерін Folin—Ciocalteu реактивінің көмегімен спектрофотометриялық әдіс арқылы сандық анықтау болып табылады.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Зерттеу объектісі ретінде *Parmelia sulcata* қынасының талломы пайдаланылды. Қына үлгілері Қазақстанның Шығыс аймағынан 2025 жылдың көктемінде жиналды. Зерттелетін материал көлеңкелі жерде, жақсы желдетілетін бөлмеде, +20...+25 °С температурада табиғи жағдайда кептірілді, бөлшек өлшемдері 3,0 мм, 2,5 мм және 1,5 мм болатын тесіктері бар електен өтетін бөлшектердің мөлшеріне дейін ұсақталды.

Зерттеу барысы өсімдік шикізатындағы фенолды қосылыстардың фосформолибден және фосфорвольфрам қышқылдарының қоспасымен эрекеттесуіне негізделген. Сығынды құрамындағы фенолды қосылыстардың жалпы мөлшері галл қышқылына және абсолютті құрғақ затқа қайта есептеу арқылы жүргізілген.

Жұмысшы ерітінділер мен салыстырмалы ерітінділерді оптикалық тығыздылығын анықтау үшін Thermo Scientific Multiskan SkyHigh спектрофотометрі қолданылады. Деректерді өңдеу үшін Microsoft Excel 2010 бағдарламасы пайдаланылды, көрсеткіштер орташа мән ± стандартты қате түрінде есептелді.

Зерттеуге арналған *Parmelia sulcata* талломы алдын ала ұнтақталып, нақты 5,00 г өлшемде алынды. Ол 100 мл көлемді, тығыз жабылатын колбаға салынып, үстіне 50 мл 70% этанол ерітіндісі құйылды. Колба тығыз жабылып, ±0,01 г дәлдікпен өлшенді. Экстракция үрдісі бөлме температурасында (20—25 °С), қараңғы жерде 24 сағат бойы жүргізілді, бұл уақытта колба мезгіл-мезгіл шайқалып отырды. Содан кейін ерітінді сүзілді, алғашқы 5 мл сүзінді тасталып, қалғаны "А ерітіндісі" ретінде пайдаланылды.

Фенолды қосылыстарды анықтау реакциясы үшін 0,1 мл "А ерітіндісіне" 0,3

мл дистилденген су, 0,4 мл Фолин—Чокальтеу реактиві және 2,5 мл 5%  $\text{Na}_2\text{CO}_3$  ерітіндісі қосылды.

30 минут өткен соң реакция өнімінің оптикалық тығыздығы спектрофотометрикалық әдіспен 500–800 нм толқын ұзындығында өлшенді. Алынған нәтижелер галл қышқылына қайта есептеліп, келесі формула арқылы фенолды қосылыстардың жалпы мөлшері (%) есептелді:

$$X = \frac{A_3 * m_0 * P * V_3 * V_3'}{A_0 * m_{III} * V_{x3} * V_0 * V_0'} * \frac{V_{x0}}{(100 - W)} * 100\%$$

мұндағы:

$A_3$  - тәжірибелік үлгінің оптикалық тығыздығы;

$A_0$  - галл қышқылы стандартының оптикалық тығыздығы;

$m_{III}$  - шикізат массасы (г);

$m_0$  - галл қышқылы стандартының массасы (г);

$V_3$  — алынған экстрактінің көлемі (мл);

$V_{x3}$  — экстракт аликвотасы көлемі(мл);

$V_0$  - галл қышқылы ерітіндісі көлемі (мл);

$V_0'$  - галл қышқылы өлшеуіш колбаның көлемі(мл);

$V_{x0}$  - галл қышқылы аликвотасы көлемі(мл);

$W$  — кептіру кезіндегі массаның жоғалуы (%).

**Нәтижелер және оларды талқылау.** Этанол концентрациясының фенолды қосылыстардың экстракциялану дәрежесіне әсерін бағалау мақсатында 50%, 70% және 90% этанол ерітінділері қолданылды. Алынған нәтижелер 1-кестеде келтірілген.


Кесте 1. Фенолды қосылыстардың жиынтық мөлшеріне экстрагент типінің әсері.

Сынақ параметрі	Фенолды қосындыларының мөлшері, %							
	$X_1$	$X_2$	$X_3$	$X_{орт}$	Стандартты ауытқу ( $\sigma$ )	Орташа стандартты қате (SE)	Абсолюттік қате ( $\Delta$ )	Нәтижені ұсыну формасы
50% EtOH	16.949	17.742	17.333	17,341	0,3967	0,2290	0.9856	17.341 ± 0.99 %
70% EtOH	19.728	20.201	19.819	19,916	0,2512	0,1450	0.6249	19.916 ± 0.62 %
90% EtOH	15.937	16.202	15.868	16,002	0,1760	0,1016	0.4373	16.002 ± 0.44 %

\*{x} ± стандартты ауытқу. n = 3.

Зерттеу нәтижелері бойынша, 70% этанол ерітіндісі қолданылған экстракцияда фенол қосылыстарының жиынтық мөлшері ең жоғары нәтиже көрсетті (19.916 ± 0.62 %). Бұл еріткіш 50% және 90% этанолмен салыстырғанда оңтайлы экстрагент болып табылады (1-сурет). Экстрагент ретінде 70% этанолдың жоғары тиімділігі оның полярлығы фенолды қосылыстардың химиялық табиғатына сәйкес

келуімен түсіндіріледі. Бұл еріткіш талломның жасушалық матрицасындағы молекулааралық байланыстарды әлсіретіп, биологиялық белсенді заттардың экстракциялық ортаға тиімді өтуіне мүмкіндік береді.



Сурет 1 - Этил спиртінің әртүрлі концентрациясындағы ФҚ-тың Folin-Ciocalteu реагентімен кешенінің сіңіру спектрі


Өсімдік шикізатының ұнтақтау дәрежесінің фенолды қосылыстардың шығымына әсерін анықтау мақсатында зерттелетін өсімдік шикізатын алдын ала ұнтақтап, әртүрлі диаметрдегі електер арқылы бөлшектерге бөлінді. Нәтижесінде бөлшек өлшемі 3,0 мм, 2,5 мм және 1,5 мм болатын бөлшектер алынды. Әр фракциядан 5,0 г мөлшерінде алынған шикізат 70% этанол ерітіндісімен 1:10 қатынаста, 60 минут бойы экстракцияланды. Алынған нәтижелер 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2. Фенолды қосылыстардың жиынтық мөлшерінің шикізат бөлшектерінің өлшеміне тәуелділігі.

Сынақ параметрі	Фенолды қосындыларының мөлшері, %							
	$X_1$	$X_2$	$X_3$	$X_{\text{орт}}$	Стандартты ауытқу ( $\sigma$ )	Орташа стандарттық қате (SE)	Абсолюттік қате ( $\Delta$ )	Нәтижені ұсыну формасы
Шикізат бөлшектерінің мөлшері, мм								
3,0	16.04	16.22	16.75	16.3367	0.3691	0.2131	0.9168	$16.34 \pm 0.92$
2,5	13.15	14.29	14.89	14.11	0.8849	0.5110	2.198	$14.11 \pm 2.20$
1,5	18.52	18.10	18.02	18.21	0.2687	0.1551	0.667	$18.21 \pm 0.67$

Зерттеу нәтижесінде бөлшек өлшемі 1,5 мм болған жағдайда фенолды қосылыстардың экстракциясы ең жоғары болғаны анықталды ( $18.21 \pm 0.67$  %). Бұл ұсақ бөлшектердің үлесі артқан сайын беттік ауданның ұлғаюы есебінен экстрагентпен әрекеттесу тиімділігі артатынын көрсетеді. Ал 2,5 мм және 3,0 мм

өлшемдерінде нәтиже төмен болды, тиісінше  $14.11 \pm 2.20$  % және  $16.34 \pm 0.92$  %. Осылайша, шикізатты 1,5 мм өлшемге дейін ұнтақтау — фенолды қосылыстарды тиімді бөліп алу үшін оңтайлы шарт болып табылады (2-сурет).




Сурет 2 - Шикізат бөлшектерінің әртүрлі өлшемдеріндегі ФҚ-тың Folin-Ciocalteu реагентімен кешенінің сіңіру спектрі

Жұмыста экстракция уақытының фенолды қосылыстардың шығымына әсері де зерттелді. 3-кестедегі мәліметтерге сәйкес, фенолдық қосылыстардың ең жоғары мөлшері 48 сағат жүргізу кезінде экстракция тиімділігі ең жоғары болды —  $17.280 \pm 0.899$  мг/г. Бұл — ерітіндіде фенолды қосылыстардың еріткішке өтуіне жеткілікті уақыт берілгенін көрсетеді (3-сурет).

Кесте 3. Фенолды қосылыстардың житынтық мөлшерінің экстракция уақытына тәуелділігі.

Сынақ параметрі	Фенолды қосындыларының мөлшері, %							
	$X_1$	$X_2$	$X_3$	$X_{\text{орт}}$	Стандартты ауытқу ( $\sigma$ )	Орташа стандарттық қате (SE)	Абсолюттік қате ( $\Delta$ )	Нәтижені ұсыну формасы
48 тәулік	17.479	16.862	17.499	17.280	0.362	0.209	0.899	$17.280 \pm 0.899$ мг/г
24 тәулік	15.899	15.695	15.797	15.797	0.103	0.0595	0.256	$15.797 \pm 0.256$ мг/г
10 сағат	14.494	14.162	13.917	14.191	0.29	0.1674	0.720	$14.191 \pm 0.720$ мг/г
1 сағат	12.215	12.396	11.871	12.161	0.266	0.1536	0.661	$12.161 \pm 0.661$ мг/г



Сурет 3 - Түрлі экстракция уақытына байланысты ФҚ-тың Folin-Ciocalteu реагентімен кешенінің сіңіру спектрі

Сонымен қатар, фенолды қосылыстардың шығымына өсімдік шикізаты мен экстрагент арасындағы қатынастың әсері зерттелді (4-кесте). Ең жоғары шығым 1:100 қатынасында тіркелді —  $63.357 \pm 2.572$  мг/г, бұл экстрагенттің шикізатқа қарғанда артық мөлшерде қолданылуы экстракция тиімділігін арттыратынын көрсетеді. Керісінше, 1:10, 1:30 қатынастарында алынған нәтижелер салыстырмалы түрде төмен болды ( $22.772 \pm 1.524$  мг/г және  $41.098 \pm 4.386$  мг/г). Осылайша, шикізат пен экстрагенттің арақатынасы 1:100 болғанда фенолды қосылыстарды бөліп алу тиімділігі жоғары деп есептеледі.

Кесте 4. Фенолды қосылыстардың жиынтық мөлшерінің шикізат—экстрагент қатынасына тәуелділігі.

Сынақ параметрі	Фенолды қосындыларының мөлшері, %							
	$X_1$	$X_2$	$X_3$	$X_{opt}$	Стандартты ауытқу ( $\sigma$ )	Орташа стандарттық қате (SE)	Абсолюттік қате ( $\Delta$ )	Нәтижені ұсыну формасы
Шикізат пен экстрагенттің арақатынасы								
1:10	22.078	22.995	23.244	22.772	0.613	0.354	1.524	$22.772 \pm 1.524$ мг/г
1:30	41.387	42.701	39.206	41.098	1.765	1.019	4.386	$41.098 \pm 4.386$ мг/г
1:50	51.402	50.817	50.469	50.896	0.471	0.272	1.171	$50.896 \pm 1.171$
1:70	53.201	52.655	51.496	52.45	0.871	0.503	2.16	$52.45 \pm 2.16$
1:90	59.832	60.070	59.582	59.828	0.243	0.140	0.602	$59.828 \pm 0.602$
1:100	62.939	64.535	62.597	63.357	1.036	0.598	2.572	$63.357 \pm 2.572$

Фенолды қосылыстардың фосформолибден және фосфорвольфрам қышқылдарымен әрекеттесу реакциясындағы тотықтырғыштың оңтайлы көлемі 0,4 мл екені анықталды. Бұл көлемде алынған нәтиже ең жоғары —  $15.20 \pm 1.13 \%$ . Ал 0,2 мл және 0,6 мл көлемдерінде фенолды қосылыстардың мөлшері біршама төмен болды ( $13.635 \pm 0.348 \%$  және  $14.08 \pm 1.17 \%$ ). Фосформолибден және фосфорвольфрам қышқылдарының реагенті көлемінің фенолды қосылыстардың мөлшеріне әсері 5-кесте берілген.

Кесте 5. Folin-Ciocalteu реагенті көлемінің фенолды қосылыстардың жиынтық мөлшеріне әсері.

Фосформолибден және фосфорвольфрам қышқылдарының реактивінің көлемі, мл.	Фенолды қосындыларының мөлшері, %							
	$X_1$	$X_2$	$X_3$	$X_{\text{орт}}$	Стандартты ауытқу ( $\sigma$ )	Орташа стандарттық қате (SE)	Абсолюттік қате ( $\Delta$ )	Нәтижені ұсыну формасы
0,2	13.731	13.473	13.702	13.635	0.141	0.081	0.348	$13.635 \pm 0.348$
0,4	15.488	14.672	15.427	15.196	0.4545	0.2623	1.128	$15.20 \pm 1.13$
0,6	13.535	14.334	14.362	14.077	0.469	0.271	1.165	$14.08 \pm 1.17$

Натрий карбонаты ерітіндісінің концентрациясының осы реакцияға әсері де қарастырылды. Зерттеу нәтижесі бойынша, 5%  $\text{Na}_2\text{CO}_3$  ерітіндісі қолданылған кезде фенолды қосылыстардың мөлшері  $14.26 \pm 0.14 \%$  болып, ең жоғары нәтиже көрсеткен. Ал концентрацияны 10% және 15%-ға арттырғанда, сәйкесінше  $13.78 \pm 0.79 \%$  және  $13.35 \pm 1.12 \%$  нәтижелері тіркеліп, оптикалық тығыздықтың төмендеуі байқалды.

Кесте 6. Фенолды қосылыстардың жиынтық мөлшеріне натрий карбонаты ерітіндісінің концентрациясының әсері.

Сынақ параметрі	Фенолды қосындыларының мөлшері, %							
	$X_1$	$X_2$	$X_3$	$X_{\text{орт}}$	Стандартты ауытқу ( $\sigma$ )	Орташа стандарттық қате (SE)	Абсолюттік қате ( $\Delta$ )	Нәтижені ұсыну формасы
Натрий карбонаты ерітіндісінің концентрациясы, %								
5	14.212	14.244	14.322	14.259	0.056	0.032	0.137	$14.26 \pm 0.14$
10	13.416	13.991	13.942	13.783	0.318	0.183	0.787	$13.78 \pm 0.79$
15	13.388	12.872	13.775	13.345	0.452	0.261	1.124	$13.35 \pm 1.12$

**Қорытынды.** Экстракцияның негізгі параметрлерінің фенолды қосылыстардың шығымына әсері алғаш рет кешенді түрде қарастырылды. Бұл

экстракция әдісін оңтайландырудың практикалық маңызы мақсатты заттардың (фенолды қосылыстар) шығымын арттыруға, уақыт, ресурс үнемдеуге мүмкіндік береді. *Parmelia sulcata* талломының фенолдық қосылыстарының мөлшерін жалпы сандық анықтаудың маңызы зор. Осы өсімдік шикізатынан болашақта дәрілік заттар даярланатын болса, олардың сапасын бақылау үшін қажет фенолдық заттардың сандық мөлшерін валидациялау үшін аппаратуралық тұрғыдан қолжетімді, орындау әдісі оңай спектрофотометрия әдісі қолданылатын болады. Ғалымдардың бір тобы (Fernández-Moriano, et al, 2016; ) *Parmelia sulcata* талломының фенолдық қосылыстарының мөлшерін анықтауда жоғары тиімді сұйықтықты хроматография әдісін қолданған. Бірақ бұл әдісті орындау техникасы қиынырақ, ұзағырақ уақыт алуы және хроматографтың қымбат тұруы, фенолдық қосылыстарды сандық анықтауда спектрофотометрия әдісі артықшылықтарға басым екендігін көрсетеді.

#### Әдебиеттер

- Ari F., Celikler S., Oran S., Balikci N., Ozturk S., Ozel M. Z., Ozyurt D., Ulukaya E. (2014). Genotoxic, cytotoxic, and apoptotic effects of *Hypogymnia physodes* (L.) Nyl. on breast cancer cells. *Environmental Toxicology*. — 29(7). — P. 804—813. <https://doi.org/10.1002/tox.21809>.
- Arya V., Gill A.K., Jamwal A. (2024). Perspectives in Biomonitoring and Pharmacological Aspects of *Parmelia sulcata* Taylor. *Pharmacognosy Research*. — 16(3). — P. 500—510.
- Boustie J., Grube M. (2005). Lichen secondary metabolites: a source of novel antibiotics. *Planta Medica*. — 71(11). — P. 1049—1057.
- Fernández-Moriano C., González-Burgos E., Divakar P. K., Crespo A., Gómez-Serranillos M. P. (2016). Evaluation of the Antioxidant Capacities and Cytotoxic Effects of Ten Parmeliaceae Lichen Species. *Evid Based Complement Alternat Med*, 2016. 3169751. <https://doi.org/10.1155/2016/3169751>.
- Gandhi A. D., et al. (2022). Isolation of bioactive compounds from lichen *Parmelia sulcata* and evaluation of antimicrobial property. *Journal of Infection and Public Health*. — 15(4). — P. 491—497. <https://doi.org/10.1016/j.jiph.2021.10.014>.
- González-Burgos E., Fernández-Moriano C., Gómez-Serranillos M.P. (2019). Current knowledge on *Parmelia* genus: Ecological interest, phytochemistry, biological activities and therapeutic potential. *Phytochemistry*, 165. 112051. <https://doi.org/10.1016/j.phytochem.2019.112051>.
- Kulbat K. (2016). The role of phenolic compounds in plant resistance. *Biotechnology and Food Science*, 80(2). — P. 97—108.
- Lutzoni F., Miadlikowska J. (2009). Lichens. *Current Biology*. — 19(13). — P. 97—108. <https://doi.org/10.1016/j.cub.2009.06.012>.
- Manojlović N., et al. (2012). Chemical composition of three *Parmelia* lichens and antioxidant, antimicrobial and cytotoxic activities of some their major metabolites. *Phytomedicine*. — 19(13). — P. 1166—1172. <https://doi.org/10.1016/j.phymed.2012.07.012>.
- Maria del C. M. (2011). *Parmelia sulcata* (Ascomycota: Parmeliaceae), a sympatric monophyletic species complex. *The Lichenologist*. — 43(6). — P. 585—601.
- Mitrović T., et al. (2011). Antioxidant, antimicrobial and antiproliferative activities of five lichen species. *International Journal of Molecular Sciences*. — 12(8). — P. 5428—5448. <https://doi.org/10.3390/ijms12085428>.
- Pérez M., Dominguez-López I., Lamuela-Raventós R.M. (2023). The Chemistry Behind the Folin-Ciocalteu Method for the Estimation of (Poly)phenol Content in Food: Total Phenolic Intake in a Mediterranean Dietary Pattern. *Journal of Agricultural and Food Chemistry*. — 71(46). — P. 17543—17553.
- Sharma A.K., Sharma C., Dobha M.P. (2012). Phytochemical investigation of therapeutic important lichen: *Parmelia perlata*. *Journal of Natural Product and Plant Resource*. — 2(1). — P. 101—106.

Tay T., et al. (2004). Evaluation of the antimicrobial activity of the acetone extract of the lichen *Ramalina farinacea* and its (+)-usnic acid, norstictic acid, and protocetraric acid constituents. *Zeitschrift für Naturforschung C*, — 59(5—6). — P. 384—388. <https://doi.org/10.1515/znc-2004-5-617>.

Wagner, H., Ulrich-Merzenich, G. (2016). Synergy research: creating a new generation of phytopreparations. *RMJ. Medical Review*, 24(3), 183. <https://doi.org/10.1016/j.phymed.2008.12.018>.

Wang, T. Y., Li, Q., Bi, K.-S. (2017). Bioactive flavonoids in medicinal plants: Structure, activity and biological fate. *Asian Journal of Pharmaceutical Sciences*, 12. — P. 100—110. <https://doi.org/10.1016/j.ajps.2017.08.004>.

Zambare, V. P., Christopher, L. P. (2012). Biopharmaceutical potential of lichens. *Pharmaceutical Biology*. — 50(6). — P. 778—798. <https://doi.org/10.3109/13880209.2011.633089>.

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**[www.nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)  
ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)  
<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>**

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*  
Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*  
Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 29.12.2025.

Формат 60x88<sup>1</sup>/<sub>8</sub>.  
18,0 п.л. Заказ 4.